

Бекітемін

«Нұркәусар.А» бөбекжай балабақшасы

Менгерушіс Н.Е. Маймакова



Ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұркәусар.А»_бөбекжай балабақшасы

Топ: «Тұлпар» ересек тобы

Тәрбиеші: Жұмабек А

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.

Кезең	ҚЫРКҮЙЕК
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар - Өкшемен, табанның сыртқы жағымен жүруге, бүйірмен адымдап жүруге үйрету; сызықтар арасында (арақашықтығы 15 сантиметр), сызық бойымен, жіппен және тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру. - Заттар арасында 10 метрге дейінгі қашықтықта, көлденең тақтада және гимнастикалық орындықта етпетінен төрт тағандап еңбектеу дағдысын үйрету. - Бір орында қос аяқтап секіру (жүрумен кезектестіріп 2-3 рет секіру); екі аяқпен, алға қарай 2-3 метр алға жылжу. - Допты, шеңберлерді бір-біріңе заттардың арасымен домалату. - Бір-бірден колоннаға, қатарға, шеңберге тұрыңдар. Жалпы дамыту жаттығулары Қолдар мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау дағдысын үйрету: қолдарды алға, жан-жаққа, жоғары көтеру (бір мезгілде және кезекпен), қолдарды әртүрлі қалыптан артқа апару: қолдар төмен түсірілген, белге қойылған, кеуде алдында ұсталған; қолдарды алға-артқа сермеу; шынтақтан бүгілген қолдармен шеңбер жасау қозғалыстарын орындау. Денеге арналған жаттығулар: қолды беліне ұстап, екі жаққа қарай бұрылу (жұлқып және бірқалыпты). Солға, оңға, алға еңкейіп, артқа шалқаю керек. Отырған және тізерлеп тұрған күйде допты өз айналасына домалату. - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен көтеріліп тұру. Аяқтарды кезекпен кезек алға өкшеге, содан соң аяқтың ұшына қою, топырақ басу. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп отыру. Спорттық жаттығулар - Екі дөңгелекті және үш дөңгелекті велосипед тебуді үйрету. Қимылды ойындар - Қимылды ойындарға деген қызығушылықты дамыту. - Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылықты тәрбиелеу. Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі - Балалардың доптармен, құрсаулармен ойнауын ынталандыру - Балаларды тәрбиешімен бірге жаттығулар жасауға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру - Дене мүшелері мен сезім мүшелерінің адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызы туралы оларды қалай күту керектігі туралы түсінік қалыптастыру - Тамақтану режимін сақтау қажеттілігін тәрбиелеу, көкөністер мен жемістердің, сондай-ақ витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдылар - Балаларды ұқыптылыққа, өзінің сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру. - Тамақтану әдебін сақтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары - Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: өз бетінше киіну және шешіну. - Ересек адамның көмегімен заттарды тазалауға, кептіруге және іліп қоюға шақыру

	- Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары - Балаларды шынықтырудың барлық түрлеріне тарту. - Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті - Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ысқырықты, ызылдағыш және сонор (р, л) дыбыстарды айтуды жетілдіру. - Дыбыстық сөйлеу мәдениетін дамыту үшін дидактикалық ойындарды қолдану. Сөздік қоры - Балалардың сөздік қорын адамдардың кәсіптерін, заттардың бөліктері мен бөлшектерінің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. - Ойын арқылы сөзге деген қызығушылығын, зейінін қалыптастыру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы - Сөйлеу барысында зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын жетілдіру. - Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыруды ескере отырып, ойындарды пайдалану. Байланыстырып сөйлеу - Үлгі мен суреттердің мазмұны бойынша әңгіме құрастыру, шағын ертегілер мен әңгімелерді қайта баяндау дағдысын қалыптастыру. - Театрландырылған іс-шараларға, драмалық ойындарға немесе қуыршақ қойылымдарына қатысуға деген ықыласты арттыру.
Көркем әдебиет	- Балаларды әртүрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. - Тақпақтар мен өлеңдерді мағыналы түрде жаттауға үйрету. - Таныс ертегілерді әңгімелеп беруде сюжеттік бірізділікті сақтай білуді үйрету. - Театрландырылған іс-әрекет дағдыларын дамыту. - Халық ауыз әдебиетінің туындыларымен таныстыру.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті - Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. - Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ,ө дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор - Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру. - Заттардың (ойыншықтардың) санын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. - 5-ке дейін тура санауға жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы - 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу - Жай сөйлем құруға үйрету. - Ойыншықтарды педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету.
Математика негіздері	Жиын - Әртүрлі түс пен өлшемдегі көптеген заттар туралы түсінікті қалыптастыру. Саны, шот - 5-ке дейінгі санау дағдыларын қалыптастыру; "Барлығы қанша?" деген сұраққа жауап беруді үйрету. - 1 санымен таныстыру. 5-ке дейінгі аралықта тура және кері санауға жаттықтыру. - Теңдік ұғымын екі тәсілмен қалыптастыру: бір затты саны аз топқа қосу арқылы немесе артық топтан алып тастау арқылы. "Қанша болды?," "Қанша қалды?" деген сұрақтарға жауап беру. Шама - Заттардың көлемі әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Геометриялық пішіндер - Геометриялық пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (текше) тануға және атауға үйретуді жүзеге асыру.

	Кеңістікке бағдарлану - Дене бөліктерінің орналасуын бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Уақытқа бағдарлану - Тәуліктің бөліктерін - таң, күндіз, кеш, түн - атау және тану дағдыларын қалыптастыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй - Өзі туралы және өз жағдайы туралы түсінігін кеңейту. - Баланың туыстық қарым-қатынасты түсінуіне ықпал ету. - Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын айтуға шақыру. Заттар әлемі - Заттар әлемімен танысуға, қарым-қатынасқа түсуге баулу. - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру. Көлік, байланыс құралдары - Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын тану және атау қабілетін қалыптастыру. Ересектер еңбегі - Адамдарға еңбегі үшін алғыс сезімін және еңбек нәтижелеріне құрметпен қарауды тәрбиелеу. - Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі (қала мен ауылдың байланысы), астық жинаушының еңбегі туралы білім қалыптастыру. - Нан мен азық-түлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие - Құрдасына шын жүректен кешірім сұрауға, келтірген реніші үшін шынайы өкінішін білдіруге ынталандыру. - Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту - Мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. - Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жол қозғалысы ережелері - Жол қозғалысы ережелері туралы түсінік қалыптастыру. - Өз өмірінің қарапайым қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. - Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары. - Жансыз табиғат нысандары – су, жер, ауа, күн туралы білімдерін кеңейту. - Табиғат құбылыстары туралы түсінікті қалыптастыру: жел, жаңбыр, тұман, табиғат күнтізбесінде. Өсімдіктер әлемі - Балалардың бөлме өсімдіктері, олардың айырмашылықтары туралы білімдерін байыту. - Көкөністер мен жемістерді ажырату және атау дағдыларын жетілдіру. - Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықты тәрбиелеу. Жануарлар әлемі - Үй және жабайы жануарлар туралы түсініктерді кеңейту: олардың сыртқы келбеті, қозғалу тәсілі, күзгі мезгілдегі қоректенуі (сыртқы пішіні, мекендейтін ортасы, мекені, азығы) жөнінде білімдерін арттыру. - Қарапайым экологиялық білімді қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру - Кірпіштер мен тақталарды тік және көлденең орналастыра отырып, бөлшектерді қосу және жанастыру тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру. - Схеманы, үлгіні қолдана отырып, құрастыру қабілетін үйрету. Қағазбен құрастыру - Қағаздан құрастыруды үйрету: тік төртбұрышты қағаз парағын жартысынан бүктеп, жақтары мен бұрыштарын сәйкестендіріп, негізгі пішінге бөлшектерді жапсыру. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру - Балаларды табиғи материалдан қолөнер жасауға баулу. - Конструкторлардан ойынға арналған құрылымдарды салу дағдыларын және

	бөлшектерді бекіту тәсілдері туралы білімдерін жетілдіру.
Сурет салу	- Жеке заттардың суретін салу және сюжеттік композициялар жасау қабілетін үйрету, бір заттардың бейнесін қайталап, оларға басқаларын қосу арқылы. - Өзіндік практикалық іс-әрекетке баулу. - Бояумен, қарындашпен, балауыз бормен дәстүрлі және дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу техникасын жетілдіру. - Көкөністер мен жемістерді бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішіндеріндегі қазақ ою-өрнек элементтерімен таныстыру: "құсқанаты," "бұршік," "қызғалдақ," "қошқармүйіз," "қойізі," "құстұмсық," "бота мойын," "ботакөз," "ирек." - Қазақ және басқа да халықтардың өнер туындыларына деген талғамды қалыптастыру. - Ою-өрнекті жазықтықта орналастыру дағдыларын қалыптастыру, бұл кезде пішінін, элементтердің реттілігін және олардың арасындағы қашықтықты ескеру қажет. - Балаларға суретті қылқаламмен немесе қарындашпен (жоғарыдан төменге не солдан оңға қарай) бояу шеберлігін үйрету.
Мүсіндеу	- Ермексаздан, балшықтан әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып бейнелерді мүсіндеуге үйрету. Таныс заттарды олардың ерекшеліктерін ескере отырып әртүрлі пішінде мүсіндеу. Заттың толық пішіні пайда болғанға дейін жалпақ шардың барлық шеттерін ақырын тарту арқылы қысқыштап, немесе тұтас заттан жеке бөліктерін созып шығару, ұсақ бөлшектерін қысу арқылы мүсіндеу. - Тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылық таныту. - Халық ойыншықтары туралы білімдерін кеңейту. - Стектерді пайдалану тәсілдерімен таныстыру.
Жапсыру	- Жапсыруға қызығушылықты дамыту. - Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалану қабілетін қалыптастыру. - Қию техникасын үйретуді алдымен қысқа, содан кейін ұзын жолақтарды тік сызық бойымен кесуден бастау керек. - Үлкендердің көмегімен ұсақ элементтерді жапсыру дағдысын қалыптастыру, алдымен қағаз парағында заттардың суреттерін құрастырып, содан кейін оларды жапсыру. - Жолақтағы геометриялық пішіндер мен өсімдік тектес өрнектерден құрастыру дағдыларын қалыптастыру. - Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. - Желімдеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыпты орындау қабілетін дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау - Әуенді немесе музыкалық кіріспені орындау кезінде пьесаларды тану және атау дағдыларын қалыптастыру. - Қазақ халық аспабы – домбыра дыбыстарын қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Ән айту - Әуенді дәл интонациялау, сөздерді нақты айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар - Би қимылдарын, ойын музыкалық іс-қимылдарын орындауға қызығушылықты тәрбиелеу. - Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау - Әнді ойын қимылдарымен сүйемелдеу арқылы оны көңілді және кездейсоқ орындау қабілетін үйрету. Би - Музыканың би сипатын қабылдау қабілетін қалыптастыру; жеңіл, ырғақты қозғалу; би қимылдарын жұппен орындау. - Атрибуттармен би қимылдарын жасауға шақыру.
Кезең	ҚАЗАН

Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар → Ұсақ және кең адымдап, бір жағына (оңға және солға) жақындата адымдап жүру дағдыларын үйрету; аяқтың ұшымен жүгіру; тізені жоғары көтеріп, ұсақ және кең адымдап, бір-бірлеп сапқа тұру. → Сызықтар арасында (қашықтық 15 сантиметр), сызық бойымен, арқанмен, тақтада жүру қабілетін қалыптастыру. → Заттар арасында 10 метрге дейінгі қашықтықта, көлденең тақтада және гимнастикалық орындықта етпетінен төрт тағандап еңбектеу дағдысын үйрету. → Бір орында қос аяқтап секіру (жүрумен кезектестіріп 2-3 рет секіру); екі аяқпен, алға қарай 2-3 метр алға жылжу. → Допты, шеңберлерді бір-біріңе заттардың арасымен домалату. → Бір-бірден колоннаға, қатарға, шеңберге тұрыңдар. Жалпы дамыту жаттығулары → Қолдар мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау дағдысын үйрету: қолдарды алға, жан-жаққа, жоғары көтеру (бір мезгілде және кезекпен), қолдарды әртүрлі қалыптан артқа апару: қолдар төмен түсірілген, белге қойылған, кеуде алдында ұсталған; қолдарды алға-артқа сермеу; шынтақтан бүгілген қолдармен шеңбер жасау қозғалыстарын орындау. Денеге арналған жаттығулар: қолды беліне ұстап, екі жаққа қарай бұрылу (жұлқып және бірқалыпты). Солға, оңға, алға еңкейіп, артқа шалқаю керек. Отырған және тізерлеп тұрған күйде допты өз айналасына домалату. → Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен көтеріліп тұру. Аяқтарды кезекпе-кезек алға өкшеге, содан соң аяқтың ұшына қою, топырақ басу. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп отыру. Спорттық жаттығулар → Екі дөңгелекті және үш дөңгелекті велосипед тебуді үйрету. Қимылды ойындар → Қимылды ойындарға деген қызығушылықты дамыту. → Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылықты тәрбиелеу. → Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі → Балалардың доптармен, құрсаулармен ойнауын ынталандыру → Балаларды тәрбиешімен бірге жаттығулар жасауға тарту. → Салауатты өмір салтын қалыптастыру → Дене мүшелері мен сезім мүшелерінің адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызы туралы оларды қалай күту керектігі туралы түсінік қалыптастыру → Тамақтану режимін сақтау қажеттілігін тәрбиелеу, көкөністер мен жемістердің, сондай-ақ витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар → Балаларды ұқыптылыққа, өзінің сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру. → Тамақтану әдебін сақтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары → Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: өз бетінше киіну және шешіну. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары → Балаларды шынықтырудың барлық түрлеріне қатысуға тартуды жалғастыру. → Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті → Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ысқырықты, ызылдағыш және сонор (р, л) дыбыстарды айтуды жетілдіру. → Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қоры

	→ Балалардың ең жақын орта туралы білімдерін тереңдету негізінде сөздік қорын кеңейту: тұрмыстық заттар мен ең жақын ортаның мақсатын түсіну. → Сөздік қорын ересектердің кәсібін білдіретін зат есімдермен толықтыру. → Балаларды қонақжайлылық дәстүріне баулу (қонақты қарсы алу, отырғызу, сыбаға беру). Сөйлеудің грамматикалық құрылымы → Сөйлемдегі сөздерді байланыстыру, көмекші сөздерді дұрыс қолдану. Байланыстырып сөйлеу → Диалогтық сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. → Әңгіме айтуды үйрету. → Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдар қою.
Көркем әдебиет	→ Балаларды әртүрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. → Тақпақтар мен өлеңдерді мағыналы түрде жаттауға үйрету. → Таныс ертегілерді әңгімелеп беруде сюжеттік бірізділікті сақтай білуді үйрету. → Театрландырылған іс-әрекет дағдыларын дамыту. → Халық ауыз әдебиетінің туындыларымен таныстыру.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: → Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге үйрету. → Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: → Кейбір жемістердің, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. → Заттардың санын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. → 5-ке дейін тура санауға жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: → 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйретуді жалғастыру. → сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету Байланыстырып сөйлеу: → Ойыншықтарды педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйретуді жалғастыру → Қарапайым сұраққа (Бұл не?) жауап беруге үйрету
Математика негіздері	Жиын → Әртүрлі түс пен өлшемдегі көптеген заттар туралы түсінікті қалыптастыру. - Саны, шот → 5-ке дейін реттік санау дағдыларын қалыптастыру, "Неше?," "Сан бойынша қайсысы?" деген сұрақтарға жауап беру. → Екі қатарда орналасқан заттар топтарын салыстыру, теңдік және теңсіздік ұғымдарын қалыптастыру. Шама → Заттардың көлемі әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. → Ұзындығы мен ені бойынша екі түрлі және бірдей заттарды салыстыру. Геометриялық пішіндер → Геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (текше, шар, цилиндр) тану және атау. Кеңістікке бағдарлану → Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды анықтауды үйрету. Уақытқа бағдарлану → Тәулік бөліктері туралы түсініктерді кеңейту (таң, күн, кеш, түн).
Қоршаған әлеммен	Бала, оның отбасы, үй → Мен бейнесін қалыптастыруды жалғастыру. Баланы ересек адам ретінде қабылдау, оған өз ойын ашық айтуға, онымен санасуға,

таныстыру	жеке басын құрметтеуге мүмкіндік беру. → Отбасы туралы білімді жетілдіру. Заттар әлемі → Балаларды заттар әлемімен таныстыруға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. → Жақын маңдағы заттарды ажырата білу және атау дағдысын жетілдіру. → Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру. → Адамдардың еңбегі үшін ризашылық сезімдерін тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары → Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын тану және атау қабілетін қалыптастыру. Ересектер еңбегі → Балалардың еңбекке деген оң көзқарасын тәрбиелеу, қойылған міндетке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. → Топ пен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешінің ойыншықтарды жинастыруына көмектесуге деген ұмтылысын тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие → Қарапайымдылықты, жауаптылықты, мейірімді және әділ болуға деген ұмтылысты тәрбиелеу. → Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту. → Мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. → Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жол қозғалысы ережелері → Көлік түрлері, жол бөліктері (жаяужол, жолдың жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер және жерасты өткелі), бағдаршам сигналдары, көшеде жүру ережелері, өткел туралы білімдерін қалыптастыру. → Өз өмірінің қарапайым қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. → Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары. → Ауа райы құбылыстары (жел, жаңбыр, тұман) туралы түсініктерді кеңейту. → Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау, ауа райына сәйкес киіну. Өсімдіктер әлемі → Өсімдіктер, оларды күту (жерді қопсыту, суару, жапырақтарды шаңнан тазарту) туралы түсініктерін кеңейту. → Олардың даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. → Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту: жемістер, көкөністер. Жануарлар әлемі → Үй жануарлары және олардың төлдері туралы түсініктерін кеңейту (мінез-құлық, қозғалыс, тамақтану ерекшеліктері, адамға пайдасы). → Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырыңыз (күзде: көбелектер, қоңыздар, кейбір құстар жоқ). → Жәндіктер туралы түсініктерді кеңейту (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа). → Табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру → Бөлшектерді қою, жапсыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды, кірпіштерді тігінен және көлденеңінен орналастыра білуге үйрету. → Құрылыс бөлшектеріне ұқыпты қарау, оларды орнына, ойыннан кейін жинау, құрастыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын дамыту. Қағазбен құрастыру

	→ Қағаздан құрастыра білуге үйрету: қағаз парағын екіге бүгу, оны көлемді пішінге келтіру. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру → Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың жасалу материалын зерттеу → Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	→ Жеке заттардың суретін салу және сюжеттік композициялар жасау қабілетін үйрету, бір заттардың бейнесін қайталап, оларға басқаларын қосу арқылы. → Қоршаған ортаның сұлулығына қызығушылықты дамыту. → Заттар бөліктерінің пішіні (дөңгелек, сопақша, шаршы, тікбұрышты, үшбұрышты), көлемі бойынша орналасуы туралы түсініктерін қалыптастыру. → Қазақ ою-өрнегінің элементтерін дөңгелек, сопақша, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш түрінде салу: "құсқанаты," "бүршік," "қызғалдақ," "қошқармүйіз," "қойызі," "құстұмсық," "бота мойын," "ботакөз," "ирек" және т.б., элементтердің орналасу тәртібін, олардың арақашықтығын сақтау. → Балалардың айналадағы заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы түсініктерін байыту → Балаларға қылқаламмен, қарындашпен тек бір бағытта (жоғарыдан төмен немесе солдан оңға қарай) сызықтар мен штрихтар жүргізу арқылы суреттерді бояу білігін үйретуді жалғастыру.
Мүсіндеу	→ Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып мүсіндеу іскерлігіне үйретуді жалғастыру, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды олардың сипатты ерекшеліктерін ескере отырып, заттың толық пішіні пайда болғанға дейін қысқыштармен жапырылған шардың барлық шеттерін жеңіл тарту арқылы немесе бүтіннен жеке бөліктерді тартып, ұсақ бөлшектерді қысу арқылы мүсіндеу. → Мүсінделген заттың, мүсіннің бетін тегістеуді үйрету. → Стектерді қолданумен таныстыру. → Мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	→ Қайшыны дұрыс ұстап, оны қолдана білу дағдысын қалыптастыру; түзу сызық бойымен алдымен қысқа, содан кейін ұзын жолақтарды қию. → Бұрыштарын бүгу арқылы шаршыдан дөңгелек, тік төртбұрыштан сопақша пішіндер қиюды үйретуді жалғастыру. → Үлкендердің көмегімен ұсақ элементтерді жапсыру дағдысын қалыптастыру, алдымен қағаз парағында заттардың суреттерін құрастырып, содан кейін оларды жапсыру. → Элементтердің реттілігі мен олардың арасындағы қашықтықты сақтай отырып, ұлттық ою-өрнектерді қолдана отырып, тұрмыстық заттарды безендіру дағдыларын дамыту. → Желімдеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыпты орындау.
Музыка	Музыка тыңдау → Музыка тыңдау мәдениеті дағдыларын қалыптастыру (көңіл бөлмеу, шығарманы аяғына дейін тыңдау). → Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырату қабілетін дамыту (секста, септима шегінде жоғары, төмен), иллюстрацияларды көрсету және ымдау арқылы әндерді сүйемелдеу қабілеті. → Қазақтың халық аспабы – домбыраның дыбыстарын қабылдай білуді үйрету. Ән айту → Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, ұзақ, қозғалмалы, үйлесімді (бірінші октаваның ре-си шегінде) ән айту білігін қалыптастыру. → Аспаптың сүйемелдеуімен және аспапсыз (тәрбиешінің көмегімен) ән айту шеберлігін жетілдіру.

	Музыкалық-ырғақты қимылдар → Би қимылдарын, ойын музыкалық іс-қимылдарын орындауға қызығушылықты тәрбиелеу. → Музыкамен қимылдарды үйлестіре отырып жартылай отыруды орындау, қимылдарды музыканың екінші бөлігіне ауыстыра білу. → Музыканың ырғағын бере отырып, қозғалмалы екпінде секіруді орындау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау → Ағаш қасықтарда, сылдырмақтарда, барабанда, металлофонда қарапайым әуендерді ойнау дағдысын қалыптастыру. Би → Музыканың көңілді, жанды сипатын ажырата білуге, би қимылдарын атрибуттармен орындауға дағдыландыру. → Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.
Кезең	ҚАРАША
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар → Жүгірумен, секірумен, бағытты, қарқынды, қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін өзгерте отырып, сапта бір-бірден жүре білуді үйрету. → Тепе-теңдікте жаттығу: тақтада, гимнастикалық орындықта, бөренеде жүру (заттарды аттап өтіп, қалтаны басына қойып бұрылу, қолдарды жанға қаратып). → Колоннада бір-бірден, шеңбер бойымен, жыланша, шашыраңқы жүгіруге үйрету. → Заттар арасында 10 метрге дейінгі қашықтықта төрт аяқтап, көлденең тақтада, гимнастикалық орындықта ішпен, қолмен тартылып еңбектеу білігін қалыптастыру. → Қос аяқтап секіре білуді үйрету, алға қарай 2-3 м алға жылжу; оңға, солға, айнала бұрылу. Қысқа арқанмен секіру. → Заттардың арасында доптарды бір-біріне құрсаулап домалатуды үйрету. Жалпы дамыту жаттығулары → Қолдар мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау дағдысын қалыптастыру: қолдың екі жаққа, алға қараған қалпында білезіктерді қысу және жазу, оларды айналдыру, саусақтарды жинақтау және жазу, оларды созу. Денеге арналған жаттығулар: тұрып, аяқтарды қосып (ажыратып), алға еңкею, саусақтармен аяқ ұштарын шығару, заттарды қою және көтеру; допты айналдыра домалату, отыру және тізерлеп тұру. → Аяқ жаттығулары: қолдарды белде ұстап отырып, қолдарды жан-жаққа апарып, алға қойылған қалыптан жан-жаққа жазу; аяқты тізеден бүгіп, алға жазу, қайтадан бүгіп, түсіру. Спорттық жаттығулар → Төбешіктен домалап түсу дағдысын қалыптастыру. Қимылды ойындар → Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылықты тәрбиелеу. → Ойындарда физикалық қасиеттерді дамыту (жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік және т.б.). → Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі → Балаларды қозғалтқыш-ойыншықтармен ойнауға ынталандыру, дене шынықтыру құралдарын, жабдықтарды, спорттық және қозғалмалы ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру → Тамақтану режимін сақтау қажеттілігін тәрбиелеу, көкөністер мен жемістердің, сондай-ақ витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. → Дене белсенділігінің (таңертеңгілік жаттығу, шынығу, спорттық және

	қимыл-қозғалыс ойындары) пайдасы, ұйқының қанықтылығы туралы түсініктерін кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдылар → Өз бетінше жуынуға, тамақ ішер алдында, кірлеген сайын, дәретханадан шыққан соң қолды сабынмен жууға дағдыландыру. → Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары → Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: өз бетінше киіну және шешіну. → Ересек адамның көмегімен заттарды тазалауға, кептіруге және іліп қоюға шақырыңыз. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары → Желдетілетін бөлмеде қозғалуға ыңғайлы жеңіл киіммен дене жаттығуларын орындауға ынталандыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті → Ысқырықты, шулы, сонорлы (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. → Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. → Сөйлеу қарқынын өзгерту дағдысын бекіту: баяу сөйлеу, жаңылтпаш айту. Сөздік қоры → Балалардың сөздік қорын кеңейту, сөйлеу барысында заттардың, олардың бөліктерінің, бөлшектерінің, материалдарының атауларын қолдану. → Сөздік қорын еңбек қызметін білдіретін етістіктермен толықтыру. → Балалардың сөздік қорына қарама-қарсы мағыналы сөздер - антонимдерді енгізу. → Балаларды қонақжайлылық дәстүріне баулу – қазақ халқының берекесі (ас қайыру, бата беру). Сөйлеудің грамматикалық құрылымы → Зат есімдерді жекеше және көпше түрде атауға шақыру. → Балаларды диалогқа қатысушыға түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға толық, дұрыс жауап беруге баулу. → Тақырыпты, суретті сипаттай білуге үйрету.
Көркем әдебиет	→ Өлеңді жаттауда түрлі интонацияларды, кідірістерді, логикалық екпіндерді қолдана білуге үйрету. → Әрекеттің дамуын бақылай білуге, мазмұнын түсінуге және сюжет желісінің дәйектілігін сақтауға, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету. → Балаларға кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастыруды мүмкіндік беру. → Айтыс тыңдауға баулу. → Таныс ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға шақыру.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: → Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә,ө,ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. → Тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор: → Табиғат құбылыстарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру → Заттардың сынын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыруды жалғастыру. → 5-ке дейін тура санауға жаттықтыруды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: → 2- 3сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйрету. → сөздерді байланыстырып құрастыруды → үйретуді жалғастыру Байланыстырып сөйлеу: → Қарапайым сұраққа (бұл не?) жауап беруге үйрету.

Математика негіздері	Жиын → Әртүрлі түс пен өлшемдегі көптеген заттар туралы түсінікті қалыптастыру. Саны, шот → 5-ке дейін ретімен санау, сандарды ретімен атау, "Неше?" деген сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалыптастыру. → Теңдік ұғымын екі тәсілмен қалыптастыру: бір затты саны аз топқа қосу арқылы немесе артық топтан алып тастау арқылы. "Қанша болды?," "Қанша қалды?" деген сұрақтарға жауап беру. Шама → Салыстыра білуге үйрету; шаманы салыстыру кезінде үстемелеу (үстіне) және жапсыру (жанына) тәсілдерін қолдану. Геометриялық пішіндер → Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) атауға шақыру; салыстыру нәтижелерін атау (ұзын-қысқа, кең-тар, жоғары-төмен, жуан-жіңішке). Кеңістікке бағдарлану → Берілген бағытта қозғалуға (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай жаюға үйрету. Уақытқа бағдарлану → Тәуліктің бөліктері туралы түсініктерді кеңейту. → "Кеше," "бүгін," "ертең" сөздерінің мағынасын түсіндіруге үйрету.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй → Баланың өсуі мен дамуы, оның өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерін қалыптастыру. → Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын айта білуін жетілдіру. → Балаларды отбасылық мерекелер мен мейрамдарға дайындыққа қатысуға ынталандыру. Заттар әлемі → Заттардың қасиеттері мен тағайындалуы туралы түсініктерін кеңейту. → Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыра беру. → Көлік түрлерін ажырата білу (әуе, су, жер үсті). → Адамдардың еңбегі үшін ризашылық сезімдерін тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары → Әр түрлі көліктер мен оларды басқаратын адамдар туралы білімді жетілдіру. Ересектер еңбегі → Басталған істі соңына дейін жеткізу қабілетін қалыптастыру. → Ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесу ниетін қалыптастыру. → Топтағы кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындай білуге үйрету: → Жақындарының кәсіптерімен таныстыру, ата-аналардың кәсіптеріне деген қызығушылықты қалыптастыру. → Адамгершілік және патриоттық тәрбие → Жаман қылығы үшін ұялу сезімін сезінуге баулу; шын жүректен, ренжіткені үшін құрбысынан кешірім сұрауды үйрету. → Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту. → Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республика қалалары мен ауылдарының атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту. Жол қозғалысы ережелері → Бағдарламалық сигналдары, көшеде жүріп-тұру ережелері, өткел туралы білімдерін қалыптастыру. → Сюжеттік-рөлдік ойындарда жол қозғалысы ережелерін білуді бекіту. → Ойын кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен, ойын

	жабдықтарын пайдаланумен таныстыру. Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары. → Ауа-райы құбылыстары туралы түсініктерді кеңейту. → Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау. → Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату (жел соқты, жапырақтар құлады, даладағы суықтан жердегі қар мұзға айналды және т. б.). → Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігіндегі әртүрлі ауа райы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі → Олардың даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. → Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту: жидектер (орман, бақша). → Бөлме өсімдіктерін күтудің қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі → Үй жануарларын күтудегі ересектердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. → Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыру, өмір сүру жағдайларына бейімделуді анықтау. → Қыстайтын және қоныс аударатын құстар туралы түсініктерді кеңейту.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру → Құрастыру үшін қолданылатын құрылыс бөлшектерін (күб, пластина, кірпіш, блок және т.б.) ажырату және атау, оларды сапасына, көлеміне және пішініне қарай таңдау дағдыларын қалыптастыру. → Дайын конструкцияларды әр түрлі ойындарда пайдалануға, конструкциялау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақыру. → Ұжымдық құрылысқа деген қызығушылықты ояту. Қағазбен құрастыру → Қағаз парағын көлемді пішіндерге, кесектерге, спиральдарға, ілмектерге айналдыра білуге үйретуді жалғастыру. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру → Табиғи (бұр, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дән түрлері, т.б.) және қалдық материалдардан құрастыруға шақыру. → Көрнекілікке сүйене отырып, композициялар ойлап табу қабілетін дамыту. → Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Сурет салу	→ Сюжеттік композицияларды жасауда әр затқа өзіндік сипат беріп, олардың бір-біріне қатынасын анықтауға шақыру. → Киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығын дамыту. → Заттарды көлеміне қарай: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа деп салыстыра білуді үйрету. → "Құсқанаты", "бұршік", "қызғалдақ", "қошқармүйіз", "қойізі", "құстұмсық", "бота мойын", "ботакөз", "ирек" және т. б. қазақ ою-өрнектерінің элементтерін бояуға үйретуді жалғастыру. → Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңдермен таныстыру, түстерді өз бетінше жасауға (бояуларды араластырып, қажетті түсті алуға) шақыру. → Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. → Бүкіл қылқаламмен жалпақ сызықтар, ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтар мен нүктелер сала білуді үйрету. → Жұмыс орнын таза ұстауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақыру.
Мүсіндеу	→ Жапырылған шардың барлық жиектерін жеңіл тарту арқылы қысқыштармен немесе бүтіннен жеке бөліктерді тартып, ұсақ бөлшектерді қысу арқылы әртүрлі пішіндегі таныс заттарды мүсіндеуге шақыру.

	→ Заттардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді біріктіре отырып, бірнеше бөліктерден мүсіндеу білігін қалыптастыру. → Балалардың көлемді фигуралар мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге деген қызығушылығын арттыру. → Стектің көмегімен мүсінделген бұйымдарды өрнекпен безендіруге деген ұмтылысты ынталандыру. → Дайын бұйымды қазақ ою-өрнегінің элементтерімен безендіре білуді қалыптастыру.
Жапсыру	→ Қайшыны дұрыс ұстап, қолдана білуге дағдыландыруды жалғастыру. → Бұрыштарын бүктеп, шаршыдан дөңгелек, тік төртбұрыштан сопақша пішіндер қиюға үйретуді жалғастыру; ою-өрнек жапсыруда бейнелеу үшін осы тәсілді пайдалану. → Дайын пішіндерден жануарлардың, құстардың, гүлдердің және т.б. фигураларын қиып алып, сол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. → Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру (киіз үй және оның жабдықтары: сандық, кебеже, текемет, сырмақ және т.б.). → Геометриялық және өсімдік тектес пішіндерден жасалған ою-өрнектерді жолаққа олардың реттілігін ескере отырып жапсыру дағдысын қалыптастыру. → Ұжымдық сюжеттік композиция құрастыру дағдыларын қалыптастыру. → Желімдеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жұмысты ұқыпты орындауға шақыру.
Музыка	Музыка тыңдау → Музыканың сипатын сезіне білуге, таныс шығармаларды тани білуге, тыңдағандары туралы өз әсерлерін айта білуге үйрету. → Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқай білу дағдысын қалыптастыру: ақырын, қатты, баяу, тез. → Қазақтың халық аспабы – домбыраның дыбыстарын қабылдай білуге үйрете беру. Ән айту → Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін дамыту. → Әуенді таза айта білуге, сөздердің соңын жұмсартуға, сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын бере отырып, мәнерлеп айта білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар → Музыкамен қимыл-қозғалысты үйлестіре отырып, жартылай отыруды орындау дағдысын қалыптастыру, қимыл-қозғалысты музыканың екінші бөліміне ауыстыра білу. → Музыканың ырғағын бере отырып, қозғалмалы екпінде секіруді орындай білуге үйрету. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау → Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау қабілетін жетілдіру, ересек адамның түрлі музыкалық және шулы аспаптарда қалай ойнайтынын тыңдау. → Ағаш қасықта, асатаяқта, сазсырнеде қарапайым әуендерді ойнай білуге дағдыландыру. Би → Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыкалық кіріспені ажырата білуге, одан кейін қозғалысты бастауға, музыканың сипатына қарай қозғалысты өзгертуге үйретуді жалғастыру. → "Қамажай" биін үйрету.
Кезең	ЖЕЛТОҚСАН
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: → Көлбеу тақтамен жоғары және төмен жүруді үйретуді жалғастыру

	(ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр). Баспалдақ тақталарынан аттап өту. → Әртүрлі тапсырмалармен жүгіру дағдысын жетілдіру: жылдамдықты үдетумен және баяулатумен, жүргізушінің ауысуымен, баяу екпінде жүгіру барысында. → Шеңберге кіре білу дағдысын қалыптастыру. Гимнастикалық қабырғаға кезек-кезек адыммен жоғары-төмен өрмелеу, аралықтан оңға, солға аралыққа өту. Бөренеден, гимнастикалық орындықтан асып түсу. → Бір орында екі аяқпен оңға, солға, айнала бұрыла секіру. Қысқа арқанмен секіру; → Оң және сол қолмен заттарды қашықтыққа (кемінде 3,5-6,5 метр), көлденең нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді үйрету. → Музыкамен таныс, бұрын үйренген жаттығулар мен циклдік қимылдарды орындауға ынталандыру. Жалпы дамыту жаттығулары → Қол мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау қабілетін қалыптастыру. → Дене жаттығулары: тіреліп отырып, екі аяқты еденнен сәл жоғары көтеру; бүгіп-жазып, еденге түсіру; тізерлеп тұрып, арқаны бүгіп-жазу, тік аяқты кезек-кезек көтеріп-түсіру; бір мезгілде бүгіп-жазу. → Аяқтарға арналған жаттығулар: аяқ ұштарын созу, табанды бүгу; аяқ саусақтарымен жіпті жинау; аяқ ұштарымен құм салынған қапшықты ұстап алып, орнын ауыстырып қою; өкшемен таяққа, арқанға, аяқ ұшымен еденге тіреліп, жанына қарай адымдап аттау. Спорттық жаттығулар: → Төбешіктен сырғанауды; бір-бірін сырғанауды; шанамен төбешікке көтерілуді, одан түскенде тежеуді үйрету. Қимылды ойындар → Қимылды ойында жетекші рөл атқаруды жалғастыру, ойын ережесін орындауға саналы түрде қарау. → Балалардың белсенділігін доппен, секіргішпен, шеңбермен және басқа да ойындарда дамытуды жалғастыру. Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі → Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, денеге физикалық жүктемені реттеу. → Ауа райының жай-күйін ескере отырып, балалардың ауадағы қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. → Салауатты өмір салтын қалыптастыру → Салауатты өмір салты туралы түсінікті кеңейту. → Көгерген кезде өзіне қарапайым көмек көрсету, ауырған кезде, жарақат алған кезде ересектердің көмегіне жүгіну дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар → Тарақты, орамалды қолдана білуді қалыптастыру. → Тамақты жақсы шайнау, ас құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс пайдалану, тамақтанғаннан кейін аузын шаю қабілетін қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары → Ересек адамның көмегімен заттарды тазалауға, кептіруге және іліп қоюға шақырыңыз. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары → Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті → Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. → Дикциямен жұмысты жалғастыру. → Фонематикалық есту қабілетін дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырату, атау. Сөздік қоры

	→ Сөздік қорды ересектердің кәсібін білдіретін зат есімдермен, еңбек қызметін білдіретін етістіктермен толықтыру. → Сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, предлогтарды қолдану. → Сөздік қорын заттардың орналасқан жерін анықтайтын сөздермен (сол, оң, қатар, ортада) байыту. → Балалар сөздігіне қарама-қарсы мәндегі сөздерді енгізуді жалғастыру - антонимдер. → Балаларды қазақ халқының ас қайыру, бата беру дәстүріне баулу, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы → Сөйлемдегі сөздерді байланыстыру, етістіктерді бұйрық райда қолдану (отыру, жүру, жүгіру) дағдыларын қалыптастыра беру. Байланыстырып сөйлеу → Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, қойылған сұрақтарға толық, дұрыс жауап беруге ынталандыру. → Бала іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде баланың салған суреті бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету; таныс емес құбылыстар, оқиғалар туралы мәліметтерді талқылауға тарту.
Көркем әдебиет	→ Көркем сөзге деген қызығушылықты оятуды жалғастырыңыз. → Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдай білуге, өз кейіпкерлеріне жанашыр бола білуге үйрете беру. → Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен оқиғаның басы мен соңын ойлап табуға шақыру. → Балаларға ертегіні, әңгімені өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. → Мақал-мәтелдерді, айтыстарды жаттатуды жалғастыру. → Ерікті ойындарда таныс кейіпкерлердің бейнелерін дербес қайталауға шақыру, оларды басқа қырынан көрсету (қатыгез – мейірімді, ақкөңіл – байсалды).
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: → Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә,ө,ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. → Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор: → Кейбір табиғат құбылыстарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру. → Заттардың сынын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. → 5-ке дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: → 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: → Жай сөйлем құруға үйретуді жалғастыру. → Қарапайым сұраққа жауап беруге үйрету.
Математика негіздері	Жиын → Жұптарды салыстыру негізінде заттарды салыстыру, олардың теңдігін немесе теңсіздігін анықтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Саны, шот → "Қанша?," "Сан бойынша нешінші?," "Қай орында?," "Барлығы қанша?" деген сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. → Теңдік ұғымын екі тәсілмен қалыптастыру: бір затты саны аз топқа қосу арқылы немесе артық топтан алып тастау арқылы. "Қанша болды?," "Қанша қалды?" деген сұрақтарға жауап беру. → 5-ке дейінгі аралықта тура және кері санауға жаттықтыру. Шама → Салыстыру кезінде шамаларды салыстыру кезінде үстемелеу (үстіне)

	және жапсыру (жанына) тәсілдерін қолдануға шақыру. Геометриялық пішіндер → Көру және жанасу арқылы геометриялық фигураларды зерттеуге шақыру; сөйлеуде сын есімдерді қолдану; салыстыру нәтижелерін атау (ұзағырақ – қысқа, кеңірек – тар). Кеңістікке бағдарлану → Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыра білуді дамытуды жалғастыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу (алдымда үстел, оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар). Уақытқа бағдарлану → "Кеше", "бүгін", "ертең" сөздерінің мағынасын түсіндіруге шақыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй: → Мен бейнесін қалыптастыруды жалғастыру. Баланы ересек адам ретінде қабылдау, өз ойын ашық айтуға мүмкіндік беру. → Отбасы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. → Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, әдет-ғұрыптар туралы өз бетінше әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру. Заттар әлемі → Айналадағы заттар, олардың қасиеттері туралы түсінікті кеңейту. → Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыра беру. → Жабдықтары мен тағайындалуына байланысты көлік түрлері туралы (өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем және басқалар); телефон, компьютер, теледидардың тағайындалуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары → Әр түрлі көліктер мен оларды басқаратын адамдар туралы білімді жетілдіру. → Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересектер еңбегі → Топтағы кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындау қабілетін үйретуді жалғастыру. → Қолдан келетін жұмысты орындауда балалардың бастамасына қолдау көрсету: бөлме өсімдіктерін күту. → Жақындарыңыздың мамандықтарымен таныстыру, олар орындайтын функциялардың мағынасын түсіну. → Баланың айналасындағы ойыншықтарға, заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие → Баланың моральдық нормаларды сақтауға және бұзуға деген жеке көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету: спра әділдік жасаған адамның іс-әрекетін мақұлдау. → Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятуды жалғастыру. → Мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Жол қозғалысы ережелері → Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға жетелеу. → Сюжеттік-рөлдік ойындарда жол қозғалысы ережелерін білуді бекіту. → Ойын кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары. Ойын, еңбек, эксперимент барысында қардың, судың, мұздың қасиеттерін анықтау. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігіндегі әртүрлі ауа райы жағдайлары туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Өсімдіктер әлемі → Бақылаулар, эксперименттер және жұмыс барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігі және олардың өсуі үшін жер, топырақ,

	су, күн, жарық, ылғал, жылу қажет екендігі туралы түсінік беру. → Олардың даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Жануарлар әлемі → Үй жануарлары және олардың төлдері туралы түсініктерін (мінез-құлық, қозғалыс, тамақтану ерекшеліктері, адамға пайдасы) кеңейтуді жалғастыру. → Жабайы жануарлар, олардың сыртқы пішіні, тіршілік ортасы, жүріп-тұруы, қоректенуі, тіршілік жағдайына бейімделуі туралы түсініктерін кеңейте беру. → Жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. → Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруіне ықпал ету: қоғамдық көлікте мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру → Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістіктік орналасуын анықтау, өз бетінше жобалау мүмкіндігін беру. → Әр түрлі ойындарда дайын конструкцияны қолдану. → Жобалау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақыру. → Бөлшектерді бекітудің түрлі тәсілдерін пайдалана білуге үйрету, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағазбен құрастыру → Бүйірлері мен бұрыштарын біріктіруге, бөлшектерді бір-біріне жабыстыруға, композицияны жинауға үйрету; "оригами" сияқты қарапайым пішіндерді құрастыру. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру → Табиғи материалдан әртүрлі композициялар жасауға қосыңыз. → Көрнекілікке сүйене отырып, материалды өз бетінше таңдап, композицияны ойлап табуға дағдыландыру. → Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	→ Сюжеттік композициялар жасау кезінде әр тақырыпқа тән қасиеттер беруге шақыру. → Сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылықты дамыту. → Заттарды көлеміне қарай: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа деп салыстыра білу дағдысын қалыптастыру. → Элементтердің орналасу тәртібін, олардың арақашықтығын сақтауға ынталандыру. → Түстерді өз бетімен жасауға шақыру (бояуларды араластырып, қажетті түсті алу). → Сурет салғанда еңкеймеуге, арқаны тік ұстауға, еркін отыруға, шырығуға, жұмыс орнын таза ұстауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақыру.
Мүсіндеу	→ Заттардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді біріктіре отырып, бірнеше бөліктерден мүсіндеу білігін қалыптастыру. → Балалардың көлемді фигуралар мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге деген қызығушылығын арттыру. → Мүсіндеу кезінде жұлу, қысу, батыру, бұрау, созу, жаю тәсілдерін қолдануға шақыру. → Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылықты арттыру. Дайын бұйымды қазақ ою-өрнегінің элементтерімен безендіре білуді қалыптастыру. → Мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	→ Жапсыруға, қиялға деген қызығушылығын дамыту. → Жануарлардың, құстардың, гүлдердің және т.б. пішіндерін дайын пішіндерден кесу және осы заттарды қағазға орналастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. → Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру (киіз үй және оның жабдықтары: сандық, кебеже,

	текемет, сырмақ және т.б.). → Элементтердің реттілігі мен олардың арасындағы қашықтықты сақтай отырып, ұлттық ою-өрнектерді қолдана отырып, тұрмыстық заттарды безендіру дағдыларын дамыту. → Шығармашылық қабілеттерін дамыту. → Желімдеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыпты орындау.
Музыка	Музыка тыңдау → "Музыка тыңдау мәдениетінің дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру (алаңдамай, шығарманы соңына дейін тыңдау). → Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырату қабілетін дамыту (секста, септима шегінде жоғары, төмен), иллюстрацияларды көрсету және ымдау арқылы әндерді сүйемелдеу қабілеті. Ән айту → Мәнерлеп ән айту шеберлігін жетілдіру, созылыңқы, қозғалмалы, үйлесімді (бірінші октаваның ре-си шегінде) ән айту шеберлігін қалыптастыру. → Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін дамыту. → Аспаптың сүйемелдеуімен және онсыз (тәрбиешінің көмегімен) ән айтуға шақыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар → Марш сипатын ырғақты жүріспен беру білігін қалыптастыру; музыканың қозғалмалы сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, екі аяқпен секіруді қозғалмалы екпінде жеңіл және еркін орындау, музыканың ырғағын дәл беру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау → Таныс әндерді орындауда түрлі шулы музыкалық аспаптарды пайдалану. → Ағаш қасықпен қарапайым әуендерді ойнауға шақыру. → Ағаш қасықта, асатаяқта, сазсырнеде қарапайым әуендерді ойнай білуге дағдыландыру. Би → Оңай, ырғақпен қозғалу қабілетін қалыптастыру; жұппен би қимылдарын орындау, биде ойын музыкалық әрекеттерін қолдану. → Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыруды жалғастыру. "Қамажай" биін үйрету.
Кезең	ҚАҢТАР
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: → Өкшемен, табанның сыртқы жағымен, ұсақ және кең адыммен, бір жағына (оңға және солға) жақындата адымдап жүруді; аяқтың ұшымен жүгіруді; тізені жоғары көтеріп, ұсақ және кең адыммен, бір-бірден, шеңбер бойымен, жыланша адымдап жүруді жетілдіру. → Тепе-теңдікті қалыптастыруды жалғастыру: сызықтар арасында (15 сантиметр қашықтықта), сызық бойымен, арқанмен, тақтамен жүру; → Бөренеден, гимнастикалық орындықтан асып түсуге үйрету. → Секіру: аяқтарды қосып, аяқтарды ажыратып, бір аяқпен (оң және сол аяқпен кезектесіп), 4-5 сызық арқылы (сызықтар арасындағы қашықтық 40-50 сантиметр), 20-25 сантиметр биіктіктен, тұрған жерден ұзындыққа (кемінде 70 см) секіру. → Тосқауылдардан допты екі қолмен және бір қолмен бастан асыра лақтыруды үйретуді жалғастыру (2 метр қашықтықтан); → Екіден, үштен звеноларға қайта сап түзеуге, бағдар бойынша теңестіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығулары → Қол мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру: Қолдың екі жаққа, алға қараған қалпында білезіктерді қысу және жазу, оларды айналдыру, саусақтарды біріктіру және ажырату, созу.

